

3-ТАРАУ. ЦИФРЛЫ ОРТАДАҒЫ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ: ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРЫ

9-тақырып. Цифрлы білім беру ортасындағы педагог қызметі

Жоспары:

- 1) Педагогтердің цифрлы құзыреттілігі.
- 2) Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері.

Ұсынылатын әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1) Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. -Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2022. -314 б.

2) Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық. -Тараз: «ИП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2024. -129 б.

Интернет-ресурстар:

- 1) http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Buzaubakova.html
- 2) <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 3) www.smart-pedagog.kz
- 4) <https://edu-collaboration.kz/kk/>

1. Педагогтердің цифрлы құзыреттілігі

Бүгінде әрбір педагог өз тәжірибесінде цифрлық технологияларды кеңінен пайдаланады. Педагогтің міндеті – әр білім алушыға өзін дәлелдеуге мүмкіндік береді, нәтижесінде білім алушының тұлғалық сапалары қалыптасады.

Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолданылатын технология азды-көпті ашық болуы керек. Педагогтердің цифрлы білім беру стратегиясын анықтау кезеңінде білімге деген көзқарасты өзгертудің педагогикалық салдарларына назар аудару маңызды.

Цифрлық технологияның адам дамуындағы рөлі және ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалау қабілеті бойынша этикалық сұрақтарды ескере отырып, цифрландырудың қоғамға әсеріне назар аудару маңызды.

Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту екі бағытта – бір жағынан практикалық білім және екінші жағынан өзіндік рефлексияны зерттеу барысында жүзеге асады: түсіну; пайымдау; сындарлы ойлау; ізденіс; жаңашылдық.


- 2) Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері.

2. Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері

Педагог АКТ-ны пайдалана отырып, педагогикалық және дидактикалық кешендерді дамыта алады: микродеңгей (өзара әрекеттестік деңгейі); мезодеңгей (курс деңгейі); макродеңгей (35-сурет).

Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қосымша дамытуға мүмкіндік бар:

- 1) цифрлы платформаларды кеңінен пайдалану;
- 2) желілік байланыс мүмкіндіктерін ұлғайту;
- 3) өзара ынтымақтастық орнату;
- 4) оқу-әдістемелік кешенді жасау және пәннің цифрлы контенттерін әзірлеу;
- 5) цифрлы платформалармен танысу;
- 6) ақпаратты іздеу, анықтау, сұрыптау, өңдеу;
- 7) оқу-тәрбие процесінде цифрлы технологияларды өңдеп, шығармашылықпен пайдалану;
- 8) желідегі белсенділікті дамыту, бақылау және бағалау;
- 9) білім сапасы мен білім алушылардың даму деңгейлерін бағамдау;
- 10) білім алушылардың белсенділіктерін арттыру.



Сурет 35 – Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлері

Цифрлы технологияларды тиімді қолдану білім беру сапасының көтерілуіне әсер етеді. Цифрлық құрылғылар әрбір білім алушыға қолжетімді болуы тиіс. Цифрлы ортада педагогтің дербес жұмыс жасауына мүмкіндік ашылады.

Цифрлық технологияларды білім беру қызметін әрбір білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады.